

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 875 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 698 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шар станциясы - Өскемен" жаңа темір жол желісін салу және пайдалану жөніндегі концессиялық келісімнің шеңберінде мемлекеттің кепілдігін беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 875 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2-тармақтағы "Объектіні салу кезеңіне" деген сөздер "Концессия объектісін салу кезеңінде шығарылғын инфрақұрылымдық облигациялардың айналымы кезеңінде" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулымен мақұлданған кепілдік шартында:

"Шарттың мәні" деген 2-тарауда:

1-тармақтағы "Объектіні салу кезеңіне" деген сөздер "Концессия объектісін салу кезеңінде шығарылғын инфрақұрылымдық облигациялардың айналымы кезеңінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "30 (отыз) күнтізбелік күннен" деген сөздер "60 (алпыс) күнтізбелік күннен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тараудың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "өтеу күніне" деген сөздерден кейін "немесе сыйақы төлеу күніне" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі